



Атырау қаласы

2025 жылғы 04-05 қараша

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша 2025 жылғы 04-05 қараша аралығында Атырау қаласында Абай атындағы Оқушылар орталығының базасында (Әбілхайыр хан көшесі, 58) оқушылардың өзін-өзі басқару көшбасшыларының республикалық форумын офлайн форматта өткізеді. Форумға қатысатын қатысушылар «Сармат» мамандандырылған әскери мектеп-лицейінің интернатында орналастырылады (Атырау қаласы, Жанаталап ауылы, С. Есенғалиев көшесі, 9А).

Форумның мақсаты: мектептегі өзін-өзі басқаруды және балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту, оқушылардың өзін-өзі басқару көшбасшыларының жағымды имиджін қалыптастыру.

Форумның міндеттері: жасөспірімдер мен жастардың көшбасшылық қасиеттерін іске асыру, олардың азаматтық белсенді позициясының көрінуіне жағдай жасау, мектептегі өзін-өзі басқару көшбасшыларының табысты жұмыс тәжірибесін, мектептегі өзін-өзі басқару қызметінің озық тәжірибесін анықтау.

Форумның республикалық кезеңіне облыстық және қалалық (Астана, Алматы, Шымкент) кезеңдердің 100 жеңімпазы, бір командада 5 оқушыдан - мектеп парламентінің президенттері, пікірсайысшылар, «Жер елшілері», төтенше жағдай, экология «министрлері», мектеп баспасөз қызметтерінің мүшелері қатысады. Қатысушылардың жасы: 15-17 жас.

Форум бағдарламасынның шеңберінде шеберлік сабақтары, тренингтер, диалогтық және тақырыптық алаңдар, «Quiz» зияткерлік ойыны, жастарға арналған «Лидер-party» дискотекасы және Атырау облысының танымал тұлғалары қатысатын «Табыстың жолы» Talk-шоуы ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, қатысушылар өңірдің мәдени мұрасымен танысады, «Хан ордалы Сарайшық» музей кешеніне, облыстық тарихи-өлкетану мұражайына, ретро-паркке және Атырау қаласының орталық жағалауына экскурсия жасайды.

Форум қатысушылары келесі шығармашылық тапсырмаларды орындайды және тақырыптарды талқылайды: «Табысқа апаратын жол: әрекет уақыты!», «Тәуелсіздік жолын жалғастыра ұрпақ», «Ой алаңы: пікірсайыс арқылы сенім қалыптастыру», «Экологиялық Start Up жобалары және мектептегі кәсіпкерлік», «Білік. Дағды. Тәжірибе», «Мектеп парламентінің медиа құралдары: оқу үдерісіндегі рөлі мен әсері», «Балаларды әлеуметтендірудегі мектеп парламенттерінің рөлі», «Көшбасшылықты дамыту: стратегиялар мен құралдар», «Шекарасыз креативтілік», «Эмпатияны, өзін-өзі бағалауды және өзіне деген сенімділікті дамыту», «Эмоциялық көшбасшылық», «Өзіңізді қалай басқаруға және командаңызды шабыттандыруға болады», «Жасөспірімдердің көшбасшысы - құрдастар командасын қалай басқаруға болады», «Жас көшбасшыларды дамытудағы тәлімгерлік пен менторлықтың рөлі».

Форум балалар мен жастар ұжымдарын қолдауға және дамытуға, ең қабілетті, шығармашылық тұрғыдан дамыған әрі болашағы зор оқушыларды анықтауға, сондай-ақ мектеп өмірін жақсартуға, оқушы өзін-өзі басқаруын дамытуға және мектептегі өзекті мәселелерді (әлеуметтік, білім беру, мәдени, экологиялық және т.б.) шешуге бағытталған.

Форум қорытындысы бойынша барлық қатысушыларға сыйлықтар, сертификаттар табысталады.

Форум қорытындылары туралы қосымша ақпарат алу үшін мына телефон арқылы хабарласуға болады: +7(7172) 574757, сондай-ақ www.ziyatker.org сайтында жарияланады.



г. Атырау

04-05 ноября 2025г.

ПРЕСС-РЕЛИЗ

Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования по заданию Министерства просвещения Республики Казахстан 04-05 ноября 2025 года проводит в офлайн формате республиканский форум лидеров ученического самоуправления в городе Атырау на базе Центра школьников имени Абая (ул. Абулхайр хана, 58). Участники форума будут проживать в интернате специализированной военной школы-лицея «Сармат» (г. Атырау, с. Жанаталап, ул. С. Есенгалиева, 9А).

Цель Конкурса: развитие школьного самоуправления и творческого потенциала детей, формирование позитивного имиджа лидеров ученического самоуправления.

Задачи Конкурса: реализация лидерских качеств подростков и молодежи, проявление их гражданской активной позиции, выявление успешного опыта работы лидеров ученического самоуправления, передового опыта деятельности ученического самоуправления.

В Республиканском этапе Форума примут участие 100 победителей областных и городских (Астана, Алматы, Шымкент) этапов - команды по 5 человек от каждого региона: президенты школьных парламентов, дебаты, «министры» экологии, по чрезвычайным ситуациям, «Послы Земли», члены школьных пресс-служб. Возраст участников: 15-17 лет.

В рамках Форума предусмотрена обширная программа, включающая мастер-классы, тренинги, диалоговые и тематические площадки, интеллектуальную игру «Quiz», молодежную дискотеку «Лидер-party» и мотивирующее Talk-шоу «Путь к успеху» с известными личностями Атырауской области. Кроме того, участники смогут познакомиться с культурным наследием региона, посетив музейный комплекс «Хан ордалы Сарайшык», областной историко-краеведческий музей, ретро-парк и центральную набережную города Атырау.

Участники Форума выполняют следующие творческие задания и обсуждают темы: «Путь к успеху: время действовать!», «Поколение, продолжающее путь независимости», «Поле размышлений: Дебаты как искусство убеждения», «Экологические Start Up проекты и школьное предпринимательство», «Знания. Навыки. Опыт», «Медиаинструменты для школьного парламента: роль и влияние на образовательный процесс», «Роль школьных парламентов в социализации детей», «Развитие лидерства: стратегии и инструменты», «Креативность без границ», «Развитие эмпатии, самооценки и уверенности в себе», «Эмоциональное лидерство», «Как управлять собой и вдохновлять свою команду», «Лидер-подросток - как управлять командой сверстников», «Роль наставничества и менторства в развитии молодых лидеров».

Форум направлен на поддержку и развитие детских и молодежных коллективов, выявление наиболее способных, творчески развитых и перспективных обучающихся, а также на улучшение школьной жизни, развитие ученического самоуправления и решение актуальных проблем школы (социальных, образовательных, культурных, экологических и др.).

По итогам Форума всем участникам будут вручены призы и сертификаты.

Дополнительную информацию об итогах Форума можно получить по телефону: +7(7172)574757, а также будет размещена на сайте www.ziyatker.org.